

УДК 347

М. М. Нарбинова,
*«Азаматтық-құқықтық пәндер» кафедрасының
доценті, заң ғылымдарының кандидаты*
Ж. Е. Садықанова,
*«Қылмыстық және әкімшілік сот өндірісі»
кафедрасының доценті, заң ғылымдарының
кандидаты*

АЗАМАТТАРДЫҢ СОТТА ҚОРҒАЛУ ҚҰҚЫҒЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ ЖӘНЕ СОТ ТӨРЕЛІГІНЕ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІКТІҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛУЫ

Аңдатпа

Мақала сот жүйесі дамуының өзекті мәселелеріне, соның ішінде сот төрелігіне қол жетімділік, азаматтардың құқықтарының сот арқылы қорғалуы сұрақтарына арналған. Қазіргі уақытта сот төрелігіне қол жетімділік мәселесі Қазақстан үшін XX ғасырдың 90-жылдарының басынан көтеріле бастады.

Бүгінгі күні судьялардың мәртебесін бекітуге, сот төрелігін жүзеге асыруға, биліктің бөліну қағидасын қамтамасыз етуге, сот төрелігі рәсімі мен сот жүйесінің қызметін қамтамасыз ететін барлық заңдық инфрақұрылымды жетілдіруге сот-құқықтық реформаны жетілдіру сұрақтарына ерекше назар аударылуда.

Авторлар сот төрелігіне қол жетімділікті жүзеге асыру мен оның халықаралық-құқықтық стандарттарына сәйкестігіне баға берілген. Сот төрелігінің қол жетімділігі мен тиімділігін жетілдіру бойынша ұсыныстар келтірілген.

Тірек сөздер: *сот төрелігіне қолжетімділік, соттық қорғау, сот, адам құқығы, судья, сот жүйесіндегі ақпараттық технологиялар, заң, кепілдіктер.*

Аннотация

Статья посвящена актуальной проблеме развития судебной системы, в частности доступа к правосудию, судебной защиты прав граждан. В современном понимании проблема доступности правосудия обозначилась для Казахстана с начала 90-х гг. XX в.

В настоящее время продолжается судебно-правовая реформа, где уделяется большое внимание укреплению статуса судей, организации правосудия, реализации принципа разделения властей, совершенствованию самой процедуры правосудия и всей юридической инфраструктуры, обеспечивающей функционирование судебной системы.

Авторами дана оценка реализации доступа к правосудию и его соответствия международно-правовым стандартам. Высказываются предложения по совершенствованию доступности и эффективности правосудия.

Ключевые слова: *доступ к правосудию, судебная защита, суд, права человека, судья, информационные технологии в судебной системе, закон, гарантии.*

Abstract

The article is devoted to the actual problem of the judicial system. Particularly, about its development, access to justice, judicial protection of citizens' rights. Today, the understanding of that problem concerning access to justice was designated for Kazakhstan from the beginning of the 90s. XX century.

There is an ongoing judicial and legal reform. Where the emphasis is on strengthening the status of judges, organization of justice, the principle of separation of powers, the improvement of the procedure of justice and the entire legal infrastructure for the functioning in the judicial system.

We assessed the implementation of the access to justice and its conformity with international legal standards. Moreover, some suggestions have been made to improve the accessibility and effectiveness of justice.

Keywords: *access to justice, judicial protection, the Court, Human Rights, Justice, Information Technology in the judiciary, the law guarantees.*

Кіріспе

Сот төрелігіне қол жетімділік және оның тиімділігі соттар үшін өзекті мәселе болып табылады. Соттар төрелігіне қол жетімділік және оның тиімділігі өзара байланысты және объективті, сондай-ақ субъективті факторлар ықпал ететін әрқилы сипатқа ие ұғымдар болып келеді.

Соңғы он жылдықта Қазақстанда болып жатқан саяси және әлеуметтік-экономикалық қайта құрулар көптеген дәстүрлі құқықтық институттардың рөлі мен мән-маңызының өзгеруіне әкелді. Осындай маңызды, қажетті және тарихи түп-тамыры бар құқықтық институттардың біріне адам мен азаматтардың құқықтарының сот арқылы қорғалуы институттарын атауға болады.

Адам мен азаматтың құқықтарының сот арқылы қорғалу құқығы өте маңызды, себебі осы құқықтың жүзеге асырылуы арқылы азаматтар, ең бастысы, өз құқықтары мен бостандықтарын әртүрлі бұзушылықтардан қорғай алады.

Сот арқылы қорғалу, яғни жеке адамның құқықтарын соттың қорғауы – бұл жеке адамның бұзылған құқығын қалпына келтіруде, азаматтардың құқықтарына, олардың заңды мүдделеріне қол сұққандарға және осындай қол сұғушылықпен қауіп төндіретіндерге соттың мемлекеттік мәжбүрлеу шараларын қолдануында көрініс табатын ұтымды құқықтық кепілдік.

Адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын қорғаудағы құзырлы, тәуелсіз және әділ сот жүйесінің маңызды рөлін тани отырып, 1985 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қылмыстылықтың алдын алу және құқық бұзушыларды ұстау бойынша БҰҰ жетінші конгресі қабылдаған әркімнің тәуелсіз, әділетті сот төрелігіне қол жетімділігі негізгі қағидасын мақұлдады. Бас Ассамблея мақұлдаған актіге сәйкес мемлекеттердің үкіметтеріне өз ұлттық заңнамалары мен практикаларының шегінде осы қағидаларды назарға алу мен құрметтеу міндеті жүктеледі.

Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау ісінде сот билігінің рөлін ескере отырып, демократиялық құқықтық мемлекетті құру кезінде сот төрелігін жетілдіру мәселелері соттардың қызметін ұйымдастыру, олардың мамандануы Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасында маңызды орын алып отыр [1].

Азаматтардың құқықтарын қорғау құралы ретінде заңды жетілдіру заң шығарушылардың маңызды міндеттерінің бірі, алайда, қорғау тәсілдерін нақтылы жүзеге асыру сот құқықты қолданған кезде болатынын атап өткен жөн.

Ғылымда сот арқылы қорғалу конституциялық құқықтың институты, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттік қорғау түрі ретінде, қоғамдық қатынас және мемлекеттік қызмет ретінде қарастырылады.

Кейбір жағдайларда сот арқылы қорғалу сот төрелігімен бірдей ұғымдар ретінде түсіндіріледі немесе сот төрелігіне қол жеткізу кепілі ретінде қарастырылады [2]. Құқық теориясында сот арқылы қорғалу мемлекеттің құқық қорғаушылық функциясының құрамдас бөлігі ретінде де қарастырылады. Құқықтық мемлекетте сот билігі ықпалының күшеюі заңдылық және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының сот арқылы қорғалуы жеке дербес мемлекеттік функцияға ұлғаюына әкелетіні сөзсіз.

Қазақстан Республикасының Конституциясы адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең қымбат қазынасы ретінде орнықтырады [1-бап], сот төрелігімен қамтамасыз етіледі [75-бап] және мемлекетке адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын тану, сақтау және қорғау міндетін жүктейді [76-бап]. Конституцияға сәйкес әркімнің құқық субъектісі ретінде танылуына құқығы бар және өзінің құқықтары мен бостандықтарын, қажетті қорғанысты қоса алғанда, заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғауға хақылы [13-бап 1-бөлік] [3].

Осылардың барлығы Қазақстанда адамның негізгі құқықтары мен бостандықтарын ғана танып қоймай, сондай-ақ өз азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын қорғауды мемлекеттің басымды функцияларының бірі ретінде орнықтырды, бұл өз кезегінде оны құқықтық демократиялық мемлекет ретінде сипаттауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Конституциясы әркімге сот төрелігіне қол жетімділікке кепілдік береді [13-бап 2-бөлік]. «Әркім» түсінігі сөзсіз кез келген құқық субъектісін атайды: жеке және ұжымдық, жеке және жария.

Негізгі Заңның осы ережелерінің тек осындай түсінігінде Конституциялық Кеңестің бірқатар қаулыларында бекітілген. Осылай, Конституциялық Кеңестің 2003 жылғы 1 желтоқсанындағы № 12 қаулысына сәйкес егер де Конституцияның мәтінінде «әркім»

туралы айтылатын болса, онда бұл жерде Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғалар жөнінде де сөз болып отырғаны түсіндіріледі.

Осылай, Конституциялық Кеңес сот төрелігіне қол жетімділік әркімнің Қазақстан Республикасының азаматының да, шетел азаматының да немесе азаматтығы жоқ тұлғаның да субъективті құқығы болып табылады деп тұжырымдайды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі 2014 жылы қарашада «Сот төрелігіне халықаралық қол жетімділік туралы конвенцияны» ратификациялауды мақұлдады. Бұл Конвенция Гаага қаласында 1980 жылы 25 қазанда қабылданған болатын. Конвенцияны қабылдаудың мақсаты – шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ тұлғалардың сот төрелігіне қол жетімділіктеріне кепіл болу табылады. Сот төрелігіне қол жетімділікке кепіл болу мақсаты мыналарды көздейді: азаматтық және сауда істері бойынша құқықтық көмек көрсету, сот шығындарын қамтамасыз ету және сот шығындарын өтеттіру туралы шешімдерді орындау; азаматтық және сауда істерін ресми тіркеу туралы актілердің және оларға қатысты шешімдердің көшірмесін немесе үзінділерін алу; тұлғаларды ұстау және қол сұғылмаушылық кепілі. Сонымен қатар келісуші мемлекеттер құқықтық көмек жөніндегі өтініштерді алу үшін және сол бойынша шаралар қабылдау үшін, сондай-ақ іс-әрекеттер жасау үшін, сонымен қатар солар бойынша түпкілікті шешімдер қабылдауды қамтамасыз ету қажетті шараларды қабылдау және шешімді мәжбүрлі орындату туралы өтініштерді алу үшін орталық органдарды тағайындауы тиіс. Атап айтқанда, Конвенцияның 1-бабына сәйкес келісуші мемлекеттердің әрбіреуінің азаматтары, сонымен қатар олардың аумағында тұратын тұлғалар әрбір келісуші мемлекеттердің азаматтар мен сауда істері жөніндегі соттарда әрбір мемлекетте тұратын азаматтар мен тұлғалардың жағдайларына тең құқықтық көмек алуға құқылы. Олай болса, әрбір келісуші мемлекеттің азаматтары, сондай-ақ келісуші мемлекеттердің кез келгенінің аумағында тұратын адамдар келіскен мемлекеттердің кез келгенінде оның азаматтарымен тең негіздерде және жағдайларда азаматтық немесе сауда істерді ресми тіркеу туралы актілердің және оларға қатысты шешімдердің көшірмелері мен олардың үзінділерін ала алады.

Құқықтық қатынастардың кез келген субъектісінің құқықтары, бостандықтары және заңмен қорғалатын мүдделерін сот арқылы қорғау басымдылығы жөніндегі идея дамуы мен практикаға енуі ұзақ уақытқа созылған процесс.

Сотта қорғаудың сипаты оны универсалды деп санауға мүмкіндік береді, сондықтан да ол жеке адамның бұзылған құқықтары мен бостандықтары қорғаудың тиімді тәсілі болып табылады.

Сотта қорғау тұлғалардың шектелмеген тобына таралады. Сот шешімдері барлық құқық субъектілері үшін міндетті болып келеді және соттарды оның мемлекеттік билік күші көрініс табатындығын көруге болады. Соттар шешімді мемлекет атынан шығарады, ал мемлекет осы шешімдердің орындалуын қамтамасыз етеді. Сотта қорғалуға Конституцияда және өзге де заңдарда тікелей көзделген, сондай-ақ нормативтік тұрғыда бекітілмеген, бірақ заңға қайшы келмейтін жеке тұлғаға тиесілі құқықтар мен бостандықтардың барлығы сотта қорғалуға жатады.

Сотта қорғаудың басты ерекшелігі соттың басқа мемлекеттік органдардан тәуелсіздігі туралы конституциялық қағиданың жүзеге асырылуы болып табылуы керек. Сот арқылы қорғалу құқығы қылмыстық құқық бұзушылықтар мен билікті асыра пайдаланудан жәбір көрген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. Оларға мемлекет сот төрелігіне қол жетімділікті және мемлекеттік билік органдарының заңсыз әрекеттерімен (әрекетсіздіктерімен) келтірілген зиянды өтеуге, залалдың орны толтырылуын қамтамасыз етеді.

Сот арқылы қорғау шегінде білікті заң көмегін алу құқығы да жүзеге асырылады [13-бап 3-бөлік] [3]. Сондықтан да сотта қорғауды жоғарыда арналған құқық нормаларының жиынтығынан тұратын институт ретінде қарастырған жөн. Тек осындай жиынтық түрінде ғана олар жеке тұлғаның құқықтары мен бостандықтарының сотта қорғалуына кепіл бола алады. Сот төрелігіне құқық азаматқа өз бостандықтарын жүзеге асыру үшін берілетін негізгі кепілдік, олай болса онымен байланыстылардың барлығы, атап айтқанда, жеке адамды,

оның мүлдіктік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың барлығы осы кепілдіктің ішіне кіреді.

Сот адамның әлеуметтік, экономикалық, жеке және саяси құқықтарын мемлекеттік механизмнің қызметі қамтамасыз ететін және осылай ете отырып, осы механизм азаматтардың, жеке тұлғаның, тұтастай алғанда бүкіл қоғамның мүддесін қызмет етуін қаншалықты табысты бақылай алатын орган ретінде құрылған.

Тек осы сот жүйесінде ғана көптеген азаматтардың мүдделеріне қатысты істер қаралады және шешіледі.

Сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз ету және оның тиімділігін арттыру сот реформасының маңызды міндеті.

Сот төрелігіне қол жетімділік және де оның тиімділігі туралы сөз қозғаған кезде, оның тиісінше заңнамалық базамен қамтылғанын, орындаушылардың, тек қана соттар мен сот орындаушыларының ғана емес, басқа да сот қызметкерлерінің білікті болуын қажет ететіндігін көруге болады.

Көптеген азаматтарды толғандыратын мәселе азаматтар үшін сот төрелігіне қол жетімділіктің барлық шарттары заңнамада қарастырылған ба және сот арқылы қорғалу құқығына қаншалықты кепілдік берілгені.

Иә, Қазақстан Республикасының Конституциясында сот арқылы қорғалу құқығын жүзеге асыру кепілдіктері болып табылатын сот төрелігінің негізгі қағидалары бекітілген.

Қолданыстағы заңнамалық база сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз етіп отыр, алайда, бұл іс жүзінде шынымен осылай ма деген сұрақты туындауы заңдылық. Сот төрелігіне қол жетімділікті айқындайтын белгілер қандай, ол үшін заңда бірінші кезекте не көзделуі қажет? Конституциялық ережелердің барлығы іске асырылған ба және шын мәнінде әркімге сот төрелігі жетімді ме? – деген бірқатар сұрақтар туындайтыны сөзсіз.

Сот арқылы қорғалу жөніндегі жоғарыда аталған ережелер сот төрелігіне қол жетімділік, ең алдымен, мысалы, бірқатар шарттардың болуын білдіреді: сотқа жүгінуге кепілдік берілген құқық, заңды қолдану кезінде субъективтілікке жол бермеу; істерді қарау мен шешудің қисынды мерзімдері, істерді қарау рәсімдерінің қарапайымдылығы мен ашықтығы; білікті заң көмегіне кепілдік берілу, судьялардың жүктемесінің негізді нормативтері және тағы басқалар.

Әрбір азаматтың сот төрелігіне қол жетімділігі және оның тиімділігі дегеніміз оның субъективті құқықтары, бостандықтары немесе заңмен қорғалатын мүдделері сотта қорғалатынын, істің өз уақытында және дұрыс қаралуын, заңды әрі негізді, дәлелді әрі әділ шешім қабылдануын білдіреді. Көріп отырғанымыздай, сот төрелігінің негізгі міндеттеріне қол жеткізілген, алайда, бұл шешім әр уақытта мақсатқа қол жеткізілуін, құқықтың қорғалғанын білдіре бермейді.

Демек, сот төрелігіне қол жетімділік қоғам мен мемлекетте демократия мен ашықтықтың дамуының универсалды индикаторы ретінде жүргізіліп отырған сот-құқықтық реформалардың басымды мақсаты болуға тиіс.

Осы мақсатқа қол жеткізу соттардың қызметімен, іс жүргізу заңнамасымен, сондай-ақ көп жағдайда ұйымдастырушылық-техникалық мәселелермен байланысты міндеттер жүйесін шешуді талап етеді.

Барлығымызға белгілі, бұзылған құқықтар мен бостандықтарды қорғаудың анағұрлым ұтымды кепілдерінің бірі істі жоғары тұрған сот сатыларында қайта қаралу мүмкіндігі болып табылады. Осы тұрғыдағы ең маңызды нәтиже 2014 жылы қылмыстық, қылмыстық іс жүргізу, әкімшілік құқық бұзушылық заңнамаларының жаңадан қабылдануы. Соған сәйкес облыстық және оған теңестірілген соттарда қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер бойынша апелляциялық, кассациялық сот алқалары өкілеттіктерінің нақтылануы. Осылай ете отырып, жергілікті соттардың рөлі күшейтілді.

Бұндағы өзгешелік сот актілеріне шағым жасау тәртібінің нақты реттелуі болып табылады.

Сот актілерінің заңды күшіне ену мерзімдері қысқартылды. Апелляциялық сатының сот актілері оларды жария еткен күннен бастап күшіне енетін болады. Бірінші немесе апелляциялық сот сатыларының шешімдері, қаулылары, анықтамалары заңды күшіне енген күннен бастап алты ай ішінде берілуі мүмкін. Кассациялық сатыға шағымдану Жоғарғы Сотқа жүгіну үшін міндетті шарт болып табылады.

Бүгінгі күні сот шешімімен келіспеген азаматтар оған міндетті түрде кассациялық тәртіпте шағымдануы тиіс. Ал, өз кезегінде апелляциялық инстанция төменгі тұрған соттарға жаңадан қарау үшін істерді қайтармайтын болды.

Осылай соттағы әуре-сарсаң азайтылды. Бұлардың барлығы сот ісін жүргізуді оңтайландыруға, адам мен азаматтың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделерінің сотта қорғалуын және оның тиімділігін арттыруға, сондай-ақ сот төрелігіне қол жетімділікті қамтамасыз етуге бағытталған.

Айта кететіні, 2014 жылғы қарашада «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңға және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот төрелігін іске асыруды одан әрі жеңілдету, төрешілдік рәсімдерді азайту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңға қол қойды. Заңдардың ережелері бірқатар новеллаларды енгізе отырып, сондай-ақ соттардың қызметін регламенттейтін нормаларды түзету арқылы сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған.

Сонымен қатар, бірқатар конституциялық заңдарды Азаматтық іс жүргізу кодексі жобасына сәйкес келтіру мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына азаматтық іс жүргізу заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Конституциялық заңның жобасы әзірленді.

Атап айтқанда, азаматтардың сайлау құқықтарына қатысты сот актілеріне шағым жасау (наразылық келтіру) мүмкіндігі көзделгенін ескере отырып, «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Республикалық референдум туралы», сондай-ақ «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заңдарға тиісті өзгерістер енгізіледі.

Заң жобасымен Жоғарғы Соттың құрамына инвестициялық дауларды қарау жөніндегі мамандандырылған сот алқасы енгізіледі, оның құзыретіне бірінші саты бойынша ірі инвесторлардың қатысуымен инвестициялық дауларды, сондай-ақ басқа инвесторлардың қатысуымен даулар бойынша заңды күшіне енген сот актілерін қарау жатқызылады.

Жоғарғы Сотта жобаның алдын ала таныстырылымы ағымдағы жылдың ақпан айына жоспарланды. Сот практикасының проблемалық мәселелерін түсіндіру мақсатында, сондай-ақ заңнаманың өзгеруіне байланысты Жоғарғы Сот 4 нормативтік қаулы қабылдады, осының нәтижесінде қолданыстағы 18 нормативтік қаулыға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

Сот төрелігіне қол жетімділік міндеттерін шешудегі ең маңызды бағыттардың бірі соттар мен олардың қызметінің ақпараттық тұрғыда ашықтығы болып табылады. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 11 қаңтардағы «Ақпараттандыру туралы» Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының қолжетімділігі шектелген электрондық ақпараттық ресурстарды қоспағанда мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстары жалпыға ортақ қол жетімді болып табылады.

Азаматтар мен ұйымдардың мемлекеттік қызмет көрсетулерге тез әрі сапалы қол жеткізуін және мемлекеттік органдардың тиімді қызмет етуін арттыруды қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолдану арқылы сот органдарының автоматтандырылған жүйесі (ҚР СЖ БААТЖ) енгізілген болатын.

Дами келе жүйе соттарға істер түскен кезден бастап автоматтандырылған бөлістіру, әкімшіліктер ұсынған мәліметтерден кездейсоқ іріктеу жолымен алқабилердің тізімін автоматты түрде құрастыру сияқты міндеттер шешіле бастады, ал 2008 жылы сот органдарының ведомстволық желілерін IP-VPN құрғаннан кейін сот жүйесі электрондық құжат айналымына, ведомстволық сот статистикасын құрастыруға өтті.

Әрбір азамат ақпараттық анықтамалық дүңгіршекке жүгіне алуы құжат айналымының электрондық жүйесінің артықшылығы болып табылады. Оның негізгі функцияларына мыналар жатқызылады: азаматтардың, олардың заңды өкілдері мен заңды тұлғалардың өкілдерін күнделікті қабылдауын ұйымдастыру; азаматтардың соттарға берген арыздарының қаралу нәтижесі туралы хабарлау; соттардағы іс қағаздарын жүргізуді ұйымдастыру мәселелері бойынша ақпараттық-анықтамалық көмек көрсету. Дүңгіршекті бағдарламалық қамтамасыз ету тіркеу-бақылау карточкаларының негізінде барлық кіріс, шығыс және ішкі ұйымдық-

бұйырушы құжаттар жүйеленген «ҚР СЖ БААТЖ» бағдарламасымен байланыстырылады [3]. Бұдан басқа, интернет желісіне қолы жетімді азаматтар Жоғарғы немесе облыстық соттардың веб-сайттарын, не болмаса ҚР Жоғарғы Сотының Төрағасының блогына кіре алады. Интернет-қорларды пайдалана отырып, әркім соттардың төрағаларына қандай да болмасын тақырыпта өзін толғандырып жүрген мәселелері бойынша сұрақ қоя алады, шағым беруіне болады, кеңестер алуына, қолданыстағы заңнамамен танысуға мүмкіндігі болады.

Соттарда электрондық құжат айналымы жүйесін енгізумен қатар барған сайын жаңа электрондық технологиялар енгізіліп келеді, айталық, хатшыларға сот отырысының «бейнахаттамасын» жасау үшін сот процестерін бейнетіркелуі. Соттардағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен «бейнеконференцбайланыс» қолданыла бастады. Бұл сот отырысының кез келген қатысушысына арақашықтыққа байланыссыз сот процесіне толыққанды қатысу құқығының сақталуына, яғни тыңдалуына және оны көруге мүмкіндік береді. 2014 жылы соттар сот жүйесінің ашықтығын арттыруға бағытталған 3 мыңға жуық іс-шара (баспасөз конференциялары, брифингтер, «ашық есік күндері» және т.б.) өткізілді.

Сонымен қатар, Жоғарғы Сот «Сот төрелігі» телевизиялық бағдарламалар жүйесін әзірледі. Жоба сот билігінің имиджі мен азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыруға, сондай-ақ соттардың қызметі туралы халықтың хабардар болу деңгейін жоғарылатуға бағытталған. Ағымдағы жылдың қазан айында республикалық «Хабар» телеарнасы мен «Қазақстан РТРК» АҚ-ның өңірлік филиалдарында телевизиялық бағдарламалар циклы ұйымдастырылды. Сол уақытта тележоба Жоғарғы Соттың интернет-ресурсында орналастырылды.

Сот жүйесін азаматтар үшін қолжетімді ету мақсатында Жоғарғы және жергілікті соттардың Интернет-ресурстарында «Сотқа шақыру қағазы» электрондық сервисі жүзеге асырылды, ол электронды нұсқадағы сотқа шақыру қағазын көруге және басып шығаруға арналған. Алынған электронды нұсқадағы сотқа шақыру қағазы «Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қағаз нұсқадағы құжатқа балама ресми құжат болып табылады. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотының интернет-ресурсын жаңартудың нәтижесінде оған кіру көрсеткіші бірнеше есе өсті, яғни интернет-ресурс тәулігіне 30 мыңнан астам ашылады. Жоғарғы Соттың интернет-ресурсы мемлекеттік органдардың ресми интернет-ресурстарының арасында рейтинг бойынша 2014 жылы алдыңғы орынды иеленді. Бүгінгі таңда Жоғарғы Соттың Call-орталығы жұмыс істеуде. Оған 1401 нөмірі бойынша тегін қоңырау шалуға болады.

Сот отырысы хаттамаларын дайындау сапасын арттыру мақсатында 550 залға қазіргі заманғы технологиялар негізінде электрондық хаттама жасау мүмкіндігі бар аудио - бейнежазу (АБЖ) орнатылды. Сонымен бірге қолданыстағы 176 АБЖ жүйесі жаңғыртылды (бағдарламалық қамтамасыз ету алмастырылды).

Сот ісін жүргізуге қатысушыларға электрондық хабарлама жіберу тиімді жұмыс істеуде. Есепті кезеңде жергілікті соттардан 3 миллионнан аса SMS-хабарлама 870 180 сот процесіне қатысушыларға жіберілді.

2014 жылдың 22 қыркүйегінен бастап «Қазпочта» АҚ-мен бірлесіп «Гибридті электрондық почтаны» енгізу бойынша пилоттық жоба іске асырылуда.

Тапсырыстық гибридік жөнелту технологиясын қолдану кезінде жергілікті соттар ақпаратты (соттың шақыру қағазын) БААТЖ интеграциялық модулі арқылы электронды түрде пошталық байланыс бөлімшесіне жібереді. Осы ақпараттарды басып шығару, пошталық конвертке салу және соңғы адресатқа дейін жеткізу «Қазпочта» АҚ тарапынан орындалады. Жеткізілген ақпараттар немесе оларды жеткізудің мүмкін еместігі туралы хабарламалар электронды түрде БААТЖ-ға жіберіледі.

Өткен жылдың 18 желтоқсанынан бастап бұрын өткізілген пилоттық жобаның нәтижелері бойынша республиканың барлық жергілікті соттарында ГЭП қызметі көрсетілуде.

2014 жылдың 27 желтоқсанындағы жағдай бойынша барлық соттар жіберген 37 141 электрондық шақыру қағазының 33 721-сі немесе 90,8%-ы шақырылғандардың қолына тиді.

Алдағы уақытта ақпараттық жүйелердің дайын болуына қарай басқа да сот құжаттарын (хабарлау, сот актілері және т.б.) ГЭП арқылы жіберуге болады.

Тұжырымдар мен ұсыныстар

Азаматтардың сот арқылы қорғалуға, сот-құқықтық ақпаратқа құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз ету бойынша қабылданған шаралар соттардың қызметінің тиімділігін, қол жетімділігін және ашықтығын арттыруы тиіс екендігін; соттардағы ақпараттардың еркін және тең құқылы болу, тарату және пайдалану жүйесін құруды; сот практикасының бірыңғайлылығын қамтамасыз етуін; қолданыстағы заңнаманы жетілдіруге ықпал ететінін; жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің және тағы да басқалардың ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуді арттыратындығын атап өту қажет.

Соңғы уақытта соттардың рөлін, олардың тәуелсіздігі мен қол жетімділігін арттыру ісінде бірқатар елеулі қадамдар жасалғанын мойындаған жөн және бұндай қадамдардың құқықтық мемлекет құру мен азаматтық қоғамды қалыптастыру жағдайында маңыздылығы арта түседі.

Осындай қол жеткізілген нәтижелермен қатар сот жүйесін жетілдіру бойынша жұмысты жалғастыра беру қажет.

Біріншіден, соттардың қызметінің заңнамалық және іс жүргізушілік нормаларын жүйелі түрде жетілдіру, сотта талқылау кезінде соттардың бақылау шегі мен өкілеттіктерін кеңейту маңызды.

Екіншіден, татуласуға және инновациялық технологияларды пайдалануға бағытталған процеске қатысатын тараптар үшін ыңғайлы және тез болатындай азаматтық сот ісін оңтайландыру қажет.

Үшіншіден, барлық мемлекеттік аппараттың қызметін жақсарту үшін Қазақстанда жүргізіліп отырған әкімшілік реформаның бір бөлігі болып табылатындай тиімді әкімшілік әділет жүйесі қажет.

Төртіншіден, сот төрелігінің қол жетімділігі мен тиімділігі тұрғысында заң жобаларының нормаларына үнемі мониторинг және талдау жасап отыру қажет.

Бесіншіден, судьяның және соттардағы қызметкерлердің жүктемелерінің көлемі мен нормативтерін сәйкестендіру қажет.

Алтыншыдан, білікті судьялар мен сот орындаушыларын тиісінше іріктеу қажет.

Жетіншіден, азаматтарды қабылдаудың ұйымдастырылуын жақсарту қажет, сонымен қатар қоғамның барлық жіктері арасында ҚР СО БААТЖ ақпараттық қорларының түсінікті болуын, сондай-ақ қолдануға қол жетімді болуын арттыру қажет.

Жоғарыда келтірілген, құқықтық және ұйымдық-техникалық шаралардың тізімі толық болмаса да, олардың сот төрелігіне қол жетімділік пен оның тиімділігін арттыру перспективаларын анықтайды деген сенімдеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 *Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған Құқықтық саясат тұжырымдамасы.*

2 *Баглай М. В., Габричидзе Б. Н. Конституционное право Российской Федерации. – М., 1996. – С. 225–226.*

3 *Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. – Алматы: Жеті Жарғы, 2014.*

4 *Назарбаев Н. А. Нұрлы жол – Путь в будущее: Послание народу Казахстана, г. Астана, 11 ноября 2014 года.*

Дата поступления статьи в редакцию 10.09.2015